ИСХ №56 от 12.06.25г.

"Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

«ХазарҚұрылысСервис» жуапкершілігі шектеулі серіктестігі, ағымдағы жылдың 25 мамырда жарыланған №14805226-1 ашық конкурстың қорытынды хаттамасымен келіспейтіндігін хабарлай отырып, Сізден конкурстық құжаттаманы төмендегідей қателіктерге жол бермеу мақсатында қайта қарауды сұраймын.

Ашық конкурстың құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарының «материалдық ресурстары» бөлігінде «Жүк көтергіштігі 10 тоннадан аспайтын автокрандар (меншік құқығын немесе жалға алуды растайтын құжат)» сұартылған болатын.

Алайда "БН Капитал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен жеке кәсіпкер «BAQDAULETFERRUM»-мен екі жақты 03.06.2025ж. №328 жалға алу келісім шарты жасақталған.

Аталған, келісімі шартта екі тараптың бірінде яғни "БН Капитал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мөрі және басшысының қолы қойылмаған. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII «Азаматтық кодексі» (Бұдан әрі – Кодексі) сәйкес, 33 бабы 2 тармағында *«Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады. Осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл талап жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қолданылмайды».*

Сонымен қатар Кодекстің 152 бабы 2 тармағына сәйкес *«Егер іскерлік қызмет өрісінің әдеттегі құқықтарынан өзгеше туындамаса, жазбаша түрде жасалған мәмілеге тараптар немесе олардың өкілдері қол қоюға тиіс.»* және 3 тармаққа сәйкес *«Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) тараптардың бірінің талап етуі бойынша қосымша талаптар белгіленуі мүмкін, оларға мәміле нысаны, атап айтқанда белгілі бір нысандағы бланкіде жасау, егер заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мөрі болуға тиіс болса, аталған тұлғаның мөрімен бекемдеу сәйкес келуге тиіс.»* делінген.

Жоғарыдағыларды баяндай келе "БН Капитал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке кәсіпкер «BAQDAULETFERRUM»-мен жасалған келісім шарты жарамсыз деп санай отырып, қортынды хаттамасын қайта қарауыңызды сұраймыз.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 588 бабы бойынша қортынды хаттама тиісті денгейде қаралмаған жағдайда заң талаптарын сақтай отырып, сотқа жүгінетіндігімізді қаперіңізге береміз.

Директор **К.Тулеев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТАУ Қ. «ХазарҚұрылысСервис» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ ДЛЯ ДОКУМЕНТОВ БСН / БИН 070440000026 ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН Г. АКТАУ